



БЕКІТЕМІН
Балабақта меңгерушісі
Т.Бимырзаева
«19» маусым 2022 жыл

Сауықтыру мен шынықтыру шаралары

Мақсаты: Балаларға қимыл-қозғалысты еркін, қалыпты жасауға, белсенділігін арттыруға, дене бұлшық еттерінің дамуына жағдай жасау.

№	Айы	Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ
Күз	қыркүйек	Жүруге арналған жаттығулар	Қимылды ойын	Қимылды ойын
	қазан	Жүгіруге арналған жаттығулар	Қимылды ойын	Қимылды ойын
	қараша	Секіруге арналған жаттығулар	Сюжетті желілі ойын	Сюжетті желілі ойын
Қыс	желтоқсан	Лақтыруға арналған жаттығулар	Қимылды ойын	Қимылды ойын
	қаңтар	Өрмелеуге арналған жаттығулар	Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындар
	ақпан	Қимылды ойын	Қимылды ойын	Қимылды ойын
Көктем	наурыз	Қимылды ойын	Қимылды ойын	Қимылды ойын
	сәуір	Қимылды ойын	Қимылды ойын	Қимылды ойын
	мамыр	Қимылды ойын	Қимылды ойын	Қимылды ойын

«Созақ ауданының білім бөлімінің бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында «Тышқан мен мысық» тақырыбында өткізілген қимылды ойын туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балалардың белсенділігін арттыру. Қимы-қозғалысты еркін түрде жасай алуға қол жеткізу.. Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жалғастыру.

22.11.2023 жылы «Жұлдыз» ересек тобында «Тышқан мен мысық» тақырыбында, топтың бір бұрышында мысық отырады. Оның ролінде педагог болды. Ал балалар тышқандар болады. Ол бір уақытта маужырап жылы жерде ұйықтап қалады. Осы кезде бөлмеге әр қуыстан тышқандар шығып, өздеріне азық іздей бастайды. Бір кезде мысық оянып, беті қолын жуып боп жүрген тышқандарды иісінен сезіп қойып, оларды біртіндеп ұстап ала бастайды. Ал қалған тышқандар қаша жөнеледі. Енді ешқандай тышқан жоғына көзі жеткен мысық қайтадан кеп өз орнына ұйықтайды. Осылайша ойын бірнеше рет қайталанады. Қимылды ойындар барысында топтар негізгі қимыл жаттығулар: жүру, жүгіру, өрмелеу, түрлерін көрсетіп, тек шапшаңдық пен жылдамдық ғана көрсетумен шектелмей, көкөністер мен жемістерді ажырата білуге ұғынды. Балалардың дене мүшелерін дамыту мен жетілдіруде қимылды ойындардың орны ерекше. Сондықтан тек дене шынықтыру бөлімінде ғана емес, күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ойын пайдалану баланың дұрыс әрі тез жетілуіне жағдай жасайды.

Қорытынды: Балабақшамызда сауықтыру шынықтыру жұмыстары бойынша арнайы жұмыс жоспары жасалып, ол күннің екінші жартысында орындалып отырады.

Ұсыныс: Егерде мысық ролін балаларды кезектестіріп ойнағанда олардың «Мен»деген лидерлік ұмтылушылықтары артып, әрқайсысы өздерінің қанша тышқан ұстағанын қорытынды бөлімде жарыса айтары сөзсіз еді.

Әдіскер



О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында «Аюлар мен аралар» тақырыбында өткізілген қимылды ойын туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Тәрбиешінің белгісі бойынша жылдамдыққа баулу. Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жалғастыру.

22.09.2023 жылы «Жұлдыз» ересек тобында «Аюлар мен аралар» тақырыбында, алаңның бір шетінде омарта орналасқан. Бір шетте аюдың, бір тұста араның үңгірі қойылған. Балалар екі топқа бөлінген. Бір топта аралар. Олар көбірек. Белгі берілген кезде омартадағы аралар шығып бал іздеді. Бірі анда, бірі мында қанаттарын жайып алып ұшқан кейіпке енді. Аралар ұшып кете салып, аюлар өз үңгірлерінен шығып, омартадағы балды жей бастайды. Тәрбиеші омартаға аюлар келді дегенде аралар өз омарталарына ұша жөнеледі. Сол кезде аюлар шығып үлгеру керек. Егер шығып үлгермесе ойыннан шығып отырды. Қимылды ойындар барысында топтар негізгі қимыл жаттығулар: жүру, жүгіру, секіру түрлерін көрсетіп, тек шапшаңдық пен жылдамдық ғана көрсетті. Балалардың дене мүшелерін дамыту мен жетілдіруде қимылды ойындардың орны ерекше. Сондықтан тек дене шынықтыру бөлімінде ғана емес, күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ойын пайдалану баланың дұрыс әрі тез жетілуіне жағдай жасайды. Осыған орай балабақшамызда сауықтыру шынықтыру жұмыстары бойынша арнайы жұмыс жоспары жасалып, ол күннің екінші жартысында орындалып отырады.

Қорытынды: Алайда, балаларға толық қажетті құралдар жетіспегендіктен, атрибут кимеген балаларда қызығушылық төмен болды.

Ұсыныс: Алдағы уақытта барлық бала қажетті ресурстармен қамтылу керектігі көрінді.

Әдіскер



О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында «Қасқыр мен қоян» тақырыбында өткізілген қимылды ойыны туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Есте сақтау мен зейінін, қимыл-қозғалысын дамыту. Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жалғастыру.

29.10.2023 жылы «Жұлдыз» ересек тобында «Қасқыр мен қоян» тақырыбында, балалр қол ұстасып, дөңгеленіп тұрады да, бір баланы қасқыр, екінші баланы қоян деп белгілеп, қоян қоршауға кіріп, қасқыр сыртта қалып, шеңбердегі балалар қоянды қасқырдан қорғап, айналып өлең айтып жүреді. Қасқыр мен қоян болған балаға атрибут кигізген. Балалар кезектесіп ойнап, ұсталып қалса қоян болған бала өз өнерін көрсетіп беретін қимылды ойындардан жұмыстар жүргізілді. Қимылды ойындар барысында топтар негізгі қимыл жаттығулар: жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру түрлерін көрсетіп, тек шапшаңдық пен жылдамдық ғана көрсетумен шектелмей, математикалық есептерді шешуге, түстерді тани білуге, көкөністер мен жемістерді ажырата білуге, қандай жағдай болса да досына қол ұшын созу керектігін ұғынды. Балалардың дене мүшелерін дамыту мен жетілдіруде қимылды ойындардың орны ерекше. Сондықтан тек дене шынықтыру бөлімінде ғана емес, күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ойын пайдалану баланың дұрыс әрі тез жетілуіне жағдай жасайды. Осыған орай балабақшамызда сауықтыру шынықтыру жұмыстары бойынша арнайы жұмыс жоспары жасалып, ол күннің екінші жартысында орындалып отырады.

Қорытынды:

Қимыл-қозғалыс ойындары балалардың дене мүшелерін дамыту мен жетілдіруде, дене бұлшық еттерінің дамуына орны ерекше екендігін көре алдық.

Ұсыныс:

Қимыл қозғалыс ойындарын барлық білім дағдыларында баланың жас ерекшелігін ескере отырып, қолдануды жалғастыру керек.

Әдіскер



О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында сауықтыру-шынықтыру
жұмыстары туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балалардың денесін шынықтырып, төзімділігін және қимыл-қозғалыс әрекетін дамыту.

17.10.2023 жылы «Балбөбек» ортаңғы тобында тәрбие жұмыстарының жоспарына сәйкес, сауықтыру-шынықтару жұмыстарының жүргізілу барысын көрсету мақсатында дене шынықтыру бөлімі бойынша жүргізілген қимылды ойындардың «Шар» ойынын ойнатып көрсетті.

Ойын барысында балаларға қажетті құралдар, музыкалық көркемдеуге арналған әуендер пайдаланды. Қимылды ойынның бала денсаулығы мен қол, иық, аяқ бұлшық еттерінің қалыпты дамуы үшін маңызы зор екендігі көрінді. Балалар шарды үрлейміз дегенде шеңбер болып тұрған қалыпта кең шеңбер құрды. Ал шар жарылды дегенде ауыздарымен жел шығарып, тәрбиеші қасына жиналды.

Қорытынды:

Балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының қалыпқа түсуі, тілдік грамматикасының түзелуі үшін осындай ойындардың маңызы зор. Сондықтан күн режимінің әрбір сәттерінде түрлі ойын түрлерін пайдалану керектігі баршамызға аян. Баланың дамуы оның бес білім дағдыларының алғы шарттарын меңгеру арқылы дамиды.

Ұсыныс: Алайда балалардың жас ерекшелігіне қарай бұл ойынды шеңбер етіп емес, шашыраңқы күйде де өткізіп, бір ортаға жиналуын қалыптастыруға болар еді.

Әдіскер  О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында «Күн мен
жаңбыр» тақырыбында өткізілген қимылды ойын туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Топ балаларының ептілігін, шапшаңдығын, жылдамдығын шыңдау. Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жалғастыру. Балалардың денесін шынықтырып, төзімділігін және қимыл-қозғалыс әрекетін дамыту.

22.09.2023 жылы «Балбөбек» ортаңғы тобында «Күн мен жаңбыр» тақырыбында, қимылды ойындардан жұмыстар жүргізілді. Қимылды ойындар барысында топта негізгі қимыл жаттығулар: жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру түрлерін көрсетіп, тек шапшаңдық пен жылдамдық ғана көрсетумен шектелмей, түстерді тани білуге, көкөністер мен жемістерді ажырата білуге, қандай жағдай болса да досына қол ұшын созу керектігін ұғынды. Балалардың дене мүшелерін дамыту мен жетілдіруде қимылды ойындардың орны ерекше. Сондықтан тек дене шынықтыру бөлімінде ғана емес, күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ойын пайдалану баланың дұрыс әрі тез жетілуіне жағдай жасайды. Осыған орай балабақшамызда сауықтыру шынықтыру жұмыстары бойынша арнайы жұмыс жоспары жасалып, ол режимдік сәттерде орындалып отырады.

Ұсыныс: Балаларға ойын арқылы бақшада жеміс пен көкөністер теріп жүріп, жаңбыр жауғанда, қолшатыр астына жиналу керектігін, күн шыққанда қайтадан еңбектерін жалғастыру керектігін өте тартымды, әрі бала қызығатындай етіп ұйымдастырған, алайда балалардың қолшатыр астына жиналуы үшін екі үш жерден қолшатыр қою керек еді. Себебі, балалар бір ортаға жиналамыз деп ол жерге топ балалары сыймай, құлап, сыймағаны ренжіп жатты. Бұдан кейінгі уақыттарда қимылды ойындарды ұйымдастыруда реттілікті сақтау керектігі көрінді.

Әдіскер  О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында «Арықтан аттап
өтеміз» тақырыбында өткізілген қимылды ойын туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Топ балаларының ептілігін, шапшаңдығын, жылдамдығын шыңдау. Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жалғастыру. Топтық жұмыс істей білу қабілетін арттыру. Балалардың денесін шынықтырып, төзімділігін және қимыл-қозғалыс әрекетін дамыту. Ойын шартын түсіндіре отырып, ойынға деген қызығушылығын ояту, есте сақтау мен зейінін, қимыл-қозғалысын дамыту.

02.10.2023 жылы «Балбөбек» ортаңғы тобында «Арықтан аттап өтеміз» тақырыбында, қимылды ойындардан жұмыстар жүргізілді. Қимылды ойындар барысында топта негізгі қимыл жаттығулар: жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру түрлерін, шапшаңдық пен жылдамдықтарын көрсетті. Балалардың дене мүшелерін дамыту мен жетілдіруде қимылды ойындардың орны ерекше. Сондықтан тек дене шынықтыру бөлімінде ғана емес, күн тәртібінің барлық бөлімдерінде ойын пайдалану баланың дұрыс әрі тез жетілуіне жағдай жасайды. Осыған орай балабақшамызда сауықтыру шынықтыру жұмыстары бойынша арнайы жұмыс жоспары жасалып, ол режимдік сәттерде орындалып отырады.

Ұсыныс:

Балалардың күнделікті физикалық қасиеттерді дамыту бойынша, меңгерген қимыл-қозғалыс, ұлттық, қимылды ойындарынан тоқсан сайын топтық, спорттық сайыстар көрсетіп отырса, баланың қызығушылықтары артар еді.

Әдіскер



О.Татимова

«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдырған бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 2022 жылдың желтоқсан айында «Біздің балабақшада көңілді!» тақырыбындағы ашық есік күні туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайта отырып, балалардың отбасы мен балабақшадағы өмір заңдылықтарын дамытып, білсенділігін арттыру.

Балабақша топтарында «Біздің балабақшада көңілді!» тақырыбында ашық есік күні ұйымдастырылды. Ашық есік күнінің әрбір бөліміне бірен-саран ата-аналар келіп қатысып, өздері мазалаған немесе қызықтырған мәселелерді көрулеріне мүмкіндік туғызды. Тәрбиешілер осы күнгі кесте бойынша оқу қызметтерін ұйымдастырды. Бұл бөлім бойынша барлық топтарда тәрбиешілердің оқу қызметін ұйымдастыру барысындағы жаңашыл әдіс –тәсілдерін көріп, тәрбиешілерге деген жүрекжарды тілегін білдірді. Күннің бірінші және екінші жартысындағы серуен бөліміне де ата-аналар қатысып, балаларының ауа-райын бақылаудағы және еңбектену білуіне назар аударумен қатар, дене бұлшық еттерін дамытатын қимылды ойындардың тиімді жақтары мен бала қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдердің мол екендігіне тәнті қалды. Түскі ас кезінде бір ата-анадан қатысып, балаларының ас мәзірінің түрімен, оның сапалылығы мен дәруменге бай екендігіне, үстел сервировкасының эстетикаға сай екендігіне, үстел басындағы мәдениеттіліктерін көрумен қатар, әрбір бөлімнің өзіндік тәрбие берер тұстарымен танысты. Күннің екінші жартысында тәрбиелік іс-шаралардың бірқатар легімен таныс болды.

Қорытынды:

Балалардың балабақша келгенше немесе қайтқанша жол жүру ережелерін сақтау үшін жол ережелерінен көрме жасақталғанына да ризашылықтарын білдірді. Ашық есік күнін көрген ата-аналар тәрбиешілер мен олардың көмекшілерінің жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

Ұсыныс:

Ата-анамен жұмыстың заманауи формаларын пайдаланып жұмыс жүргізуді жалғастыру керек.

Әдіскер  О.Татимова

«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдырған бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Балбөбек» ортаңғы тобында ұйымдастырылған ашық есік күні туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайта отырып, балалардың отбасы мен балабақшадағы өмір заңдылықтарын дамытып, білсенділігін арттыру.

2022 жылы желтоқсан «Жұлдыз» ересек, «Балбөбек» ортаңғы, «Еркем ай» кіші топтарында «Балабақша бір үйім!» тақырыбында ашық есік күні ұйымдастырылды. Ашық есік күнінің әрбір бөліміне ата-аналар келіп қатысып, өздері мазалаған немесе қызықтырған мәселелерді көрулеріне мүмкіндік туғызды. Тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметіне сәйкес оқу қызметтерін өткізді. Күннің бірінші және екінші жартысындағы серуен бөліміне де ата-аналар қатысып, балаларының ауа-райын бақылаудағы және еңбектене білуіне назар аударумен қатар, дене бұлшық еттерін дамытатын қимылды ойындардың тиімді жақтары мен бала қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдердің мол екендігіне тәнті қалды. Түскі ас кезінде бірнеше ата-ана қатысып, балаларының ас мәзірінің түрімен, оның сапалылығы мен дәруменге бай екендігіне, үстел сервировкасының эстетикаға сай екендігіне, үстел басындағы мәдениеттіліктерін көрумен қатар, әрбір бөлімнің өзіндік тәрбие берер тұстарымен танысты. Күннің екінші жартысында тәрбиелік іс-шаралардың бірқатар легімен таныс болды. Балалардың балабақша келгенше немесе қайтқанша жол жүру ережелерін сақтау үшін жол ережелерінен көрме жасақталғанына да ризашылықтарын білдірді.

Қорытынды:

Ашық есік күнін көрген ата-аналар тәрбиешілер мен олардың көмекшілерінің жұмыстарына қанағаттанатындықтарын білдірді.

Әдіскер



О.Татимова

«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдырған бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 2022 жылдың желтоқсан айында «Біздің балабақшада көңілді!» тақырыбындағы ашық есік күні туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайта отырып, балалардың отбасы мен балабақшадағы өмір заңдылықтарын дамытып, білсенділігін арттыру.

Балабақша топтарында «Біздің балабақшада көңілді!» тақырыбында ашық есік күні ұйымдастырылды. Ашық есік күнінің әрбір бөліміне бірен-саран ата-аналар келіп қатысып, өздері мазалаған немесе қызықтырған мәселелерді көрулеріне мүмкіндік туғызды. Тәрбиешілер осы күнгі кесте бойынша оқу қызметтерін ұйымдастырды. Бұл бөлім бойынша барлық топтарда тәрбиешілердің оқу қызметін ұйымдастыру барысындағы жаңашыл әдіс – тәсілдерін көріп, тәрбиешілерге деген жүрекжарды тілегін білдірді. Күннің бірінші және екінші жартысындағы серуен бөліміне де ата-аналар қатысып, балаларының ауа-райын бақылаудағы және еңбектене білуіне назар аударумен қатар, дене бұлшық еттерін дамытатын қимылды ойындардың тиімді жақтары мен бала қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдердің мол екендігіне тәнті қалды. Түскі ас кезінде бір ата-анадан қатысып, балаларының ас мәзірінің түрімен, оның сапалылығы мен дәруменге бай екендігіне, үстел сервировкасының эстетикаға сай екендігіне, үстел басындағы мәдениеттіліктерін көрумен қатар, әрбір бөлімнің өзіндік тәрбие берер тұстарымен танысты. Күннің екінші жартысында тәрбиелік іс-шаралардың бірқатар легімен таныс болды.

Қорытынды:

Балалардың балабақша келгенше немесе қайтқанша жол жүру ережелерін сақтау үшін жол ережелерінен көрме жасақталғанына да ризашылықтарын білдірді. Ашық есік күнін көрген ата-аналар тәрбиешілер мен олардың көмекшілерінің жұмыстарына ризашылықтарын білдірді.

Әдіскер



О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Республика күніне орай ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілік жұмыстар туралы

АНЫҚТАМА

24.10.2023 жылы «Жұлдыз» ортаңғы тобында «Қазақстан-Отаным менің!» тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізілді.

Мақсаты: Отанымыз-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Мерекеге сай безендірілген топқа балалар музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жүрекше. Би қимылдарын орындап. Ертеңгілікке 25 бала қатысып, елімізде әрбір жыл сайын өз кезеңінде тойланып, жақсы көңіл-күй сыйлайтын мерекелік кезеңдерден слайд жасалып, көрсетілді. Сондай-ақ, балаларға интербелсенді тақта арқылы ойындар ойнатылды.

«Балбөбек» ортаңғы және «Еркем-ай» кіші топтарында «Біз бақытты баламыз!» тақырыптарында бұрыш жасалды. Бұрыштың мақсаты балаларға өздерінің түрлі іс-шараларда көрсеткен өнерлерін еске түсіру. Сол арқылы қуанышты көңіл-күй сыйлау.

Бұрышқа биылғы оқу жылындағы өткізілген барлық іс-шаралар мен байқаулардағы суреттері, альбомдары қойылды. Отан, туған жеріміздің көрікті жерлерінен жасалған бүктемелер қойылды.

Қорыта келгенде, Балаларға еліміз, жеріміз, олардың байлықтары мен қазбалары туралы деректер беріле отырып, ән мен биден тамаша көңіл күй сыйлады. Ойындар ойнатылды. Ертеңгілік соңында балалар «Тәуелсіздік күні» әніне флешмоб биледі.

Әдіскер  О.Татимова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында Тәуелсіздік күніне орай «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбындағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты: Балаларда азаматтық негіздері мен патриотизмді қалыптастыру, туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін кеңейту.

2023 жылдың 13 желтоқсан күні «Жұлдыз» ересек тобында 25 бала қатыстырылып, «Балбөбек» ортаңғы тобында 25 бала қатыстырылып «Менің Отаным-Қазақстан!» тақырыптарында ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырылды. Іс-әрекеттерде қажетті ресурстар ұлттық құндылықты дәріптейтін мақсатта сапалы, түстері қанық болып жасалған. Барлық топ іс-әрекетті жылы әуенмен бастады.


«Жұлдыз» ересек тобында ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ересектер мен балалар еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Кім тапқыр?» ойыны ойнатылды. Ойын барысы текшені лақтыру арқылы асықтың түскен түріне қарай жасырылған тапсырмаларды орындады. Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер айтқызды. Одан соң балалар шығармашылықта орталықта екі топқа үлестірмелі материалдарды таңдай отырып бөлініп, пазлдар арқылы бір топ бәйтеректі, келесі топ Ақорданы құрастырып шықты. «Менің туым» тақырыбында құрылымдалған ойын арқылы қысқа мерзімді тәжірибе жасау арқылы, ту бейнесін бейнеледі. Іс-әрекетті топ балалары «Отанның жас өркені» әнін хормен айтумен аяқтады.

«Балбөбек» ортаңғы тобында ұйымдастырылған іс-әрекет слайд тақтасы арқылы туған жер, еліміз бен жеріміздің көрікті жерлерін көрсетумен басталды. Балалар өздері жаттаған шағын өлеңдері мен тақпақтарын айтып берді. Шығармашылық орталыққа барып, «Біздің рәміздер» тақырыбында 3 топқа бөлініп, бейнелеу іс-әрекеті бойынша жұмыстар жүргізілді. «Көлеңкесін тап» ұжымдық жұмыс жүргізіліп, балалардың танымдық дағдылары қалыптасты.

Қорыта келгенде, бүгінгі ұйымдастырылған тақырыптық түсіндірме іс-әрекеттер баланың жас ерекшелігіне сай, өте сапалы сипатта, бала қызығушылығын тудыратын ойындармен, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыратын мақал-мәтелдер мен тақпақтар айтқыза отырып, өз дәрежесінде өткізілді.

Ұсыныс: Алдағы уақыттарда мұндай кеңейтілген, тақырыптық, түсіндірме іс-әрекеттерде ойын түрлерін топтың жас ерекшелігін ескере отырып, нақты бір ойын ғана ойнатқан дұрыс сияқты. Себебі, ересек тобында екі ойын, ортаңғы топта үш ойын ойнатылып, бала әр ойынның соңына жете алмай жатты. Бұл іс-әрекет күнделікті іс-әрекеттерде орын алуы керек.

Әдіскер



О.Татимова